

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

Организатор и редакционная коллегия
Сериков Т.М.

Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!

1. A New Approach to Solving the Problem of Atmospheric Air Pollution in the Industrial City By Oralbekova, Z (Oralbekova, Zhanar); Zhukabayeva, T (Zhukabayeva, Tamara); Iskakov, K (Iskakov, Kazizat); Zhartybayeva, M (Zhartybayeva, Makpal); Yessimova, N (Yessimova, Nargiz); Zakirova, A (Zakirova, Alma); Kussainova, A (Kussainova, Ainur)

2. "Экологические проблемы окружающей природной среды в современных условиях" А.С. Чешев, Н.В. Алиева.

3. Assessment of Atmospheric Air Quality in the Region of Central Kazakhstan and Astana Raikhan Beisenova 1,2,3,* , Bektemir Zhumashev Kuanyshevich 1, Gulzhazira Turlybekova 4, Bakhytzhан Yelikbayev 5, Anuarbek A. Kakabayev 6, Samal Shamshedenova 7 and AskarNugmanov

4. "13 best ways to save water" Friends of the Earth

Апендина А.Қ., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к, студент

Нурболат Ж., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к, студент

Еркінбай А.Н., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к, студент

Орынбасар Н.Н., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к, студент

(Ғылыми жетекші- доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Қарағанды қаласы – өнеркәсіп орталығы, теміржол және әуе жолдарының маңызды торабы, ғылымы мен мәдениеті жоғары қала, көптеген туристік және экскурсиялық маршруттардың қарқынды нүктесі. Қаланың негізі 1934 жылы 10 ақпанда қаланған. Экономикалық, ғылыми және мәдени әлеуеті бойынша 515,8 мың адам және 113-тен астам ұлт өкілдері тұратын Қарағанды Қазақстандағы жетекші орындардың бірін алады. Қаланың аумағы 497,8 шаршы км. Қарағандыда ірі көмір өндіру кәсіпорындары, машина жасау, металл өңдеу және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары бар. 1833 жылы қойшы бала Аппақ Байжанов көмір тауыпты деген аңыз бар. 19 ғасырдың аяғында алдымен орыс көпестері, кейін француз және ағылшын кәсіпкерлері көмір өндіруді бастады. Қаланың мәдени өмірі қызықты және алуан түрлі.

Іргесі Қарағанды көмір алабының орталығындағы шахтерлер кенттерінің негізінде қаланды. Тұрғындарының тез өсуіне байланысты 1934 жылы қалаға, 1936 жылы облыс орталығына айналды. Климаты айқын континенттік, қысы суық, ұзақ, қары жұқа, боранды; жазы ыстық, құрғақ, аңызак желді. Қаланы сумен Нұра өзені, Ертіс-Қарағанды каналы, жер асты сулары қамтамасыз етеді. Өнеркәсібінің басты саласы – тас көмір өндіру. Олармен «Қарағандыкөмір», «Көмір-Инвест», «Трансэнерго» ЖШС-терінің ірі кәсіпорындары шұғылданады. Қарағанды ғылым, білім, мәдениет орталығы. Мұнда Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі, 19 ғылыми-зерттеу және жобалау институттары орналасқан. Қарағанда университеті, техникалық университет, медицина академиясы, ішкі істер Министрлігінің заң институты және әр саладан мамандар даярлайтын мемлекеттік емес 10 жоғары оқу орны жұмыс істейді. 10 кәсіптік-техникалық мектеп, 7 колледж, 80 мектеп, 39 мектепке дейінгі балалар мекемесі, 40 аурухана, 84 амбулатория мен емхана, 24 кітапхана, 3 мұражай, 6 мәдениет үйі мен клубтар, 2 драма театры, музыкалық комедия театры, филармония, цирк, спорт кешені, стадион, екі үлкен саябақ бар. Қалада Н.Ә.Әбдіровке ескерткіш орнатылды (1958),

«Шахтер Даңқы» (1976) және 2-ші дүниежүзілік соғыс жылдары қаза болған қарағандылықтарға (1978), арналған монументтер қойылды. Қарағандыда әр түрлі білім орындары бар. Олар ҚарМУ, ҚарМТУ, ҚММУ, ҚЭУ, ҚУ Болашақ, ҚЗИ және әр түрлі білімді мектептер қалыптасқан, олар НЗМ, сшод "Мурагер", "Дарын", Ктл және тағы да басқа білімді мекемелер қалыптасқан. Қарағанды облысының білімі мен ғылым жоғары деңгейде.

Қаланың атауы-Қарағанды-әдетте облыс аумағында өсетін "қараған" зауытымен байланысты. Тағы бір нұсқасы бар: — «чёрная кровь» "қара қан", яғни адамдар көмір қабаттарын қалың қара қанмен салыстырды.

Қарағанды тарихы АЛЖИР және Карлаг лагерлерімен тығыз байланысты. КСРО мен шетелдің көптеген ғылым және өнер қайраткерлерінің қамау орнына айналған Карлаг Қарағанды мәдениетінің ошағына айналды. Олар қалдырған бірегей мәдени мұра өмірдің өте қиын және қайғылы жағдайларында жасалды. Тұтқындардың күшімен кеңес мерекелеріне орай концерттер мен спектакльдер өткізілді. Суретшілер безендіру жұмыстарымен айналысты. Карлагта тіпті балет қойылғаны белгілі. Мұның бәрі негізінен жоғары кәсіби деңгейде болды. Дәл 30-шы жылдардың соңында Қарағанды бейнелеу өнерінің тарихы басталып, Қазақстан өнерінің жаңа кезеңін дамытудың алғышарттары қаланды. Көптеген қуғын-сүргінге ұшырағандар мен жер аударылғандар қалада тұрып, оның мәдениетіне айтарлықтай үлес қосты.



Диаграмма 1. Қарағанды қаласының артықшылықтары

Сауалнамаға сүйенсек, адамдардың 35,9%-ы Қарағанды қаласының басты артықшылығы оқу деңгейі жоғары деп санайды. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне 2008-2009 оқу жылы - 13597 адам, оның ішінде грантта - 479. Магистранттар контингенті 2008-2009 оқу жылы - 316 адам, оның ішінде грантта - 250. ПУҚ штаты - 1180 адам түскен. Бұл көрсеткіш екі жылдағы көрсеткіш саны болса, қазір бұл көрсеткіш бір жылда осы университетке түсетін студенттер санына тең. Қазіргі таңда университетте 12812 адам, оның ішінде мемлекеттік білім гранты бойынша 5817 адам. Магистранттар: 800 магистрант, оның ішінде 616 адам мемлекеттік білім грантына ие. Докторанттар: 183 докторант, оның 163-і мемлекеттік білім грантына ие. Жыл сайын 3,5 адам ЖОО студенті атанады. Осылайша басқа қаладан келетін студенттер саны жылдан жылға арып келе жатыр. Осындай қарқынмен дамитын болса демографияның дамуына үлкен үлес қосар еді.




Диаграмма 2. Қарағанды қаласының кемшіліктері

Берілген диаграммадағы сауалнаманың нәтижесі бойынша, Қарағанды қаласының басты кемшілігі ауаның ластануы. 2022 жылғы деректерге сүйенетін болсақ Қарағанды әлемдегі ауасы ең ластанған 50 қаланың тізіміне енді. Қарағандыда ауаның ластану индексі 77,8 құрады. Соңғы бір жылда көрсеткіш бірнеше тармаққа өсті: 2021 жылы ол 75,5 болды. Көрсеткіштерді ауаның ластану деңгейі ең жоғары Үндістан қалаларымен салыстыруға болады. Қарағанды облысының негізгі қоршаған ортаны ластаушылары болып металлургиялық кешен кәсіпорындары – «Qarmet» АҚ, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС, «Kazakhmys Smelting» ЖШС, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу бойынша кәсіпорындар – «Жәйрем ГОК» АҚ, «Теміртау электротехникалық зауыты» АҚ «Шұбаркөл Көмір» АҚ, «Qarmet» АҚ көмір департаментінің шахталары, құрылыс материалдарын өндіру кәсіпорындары - «Орталық Азия Цемент» АҚ, жылу энергиясын өндіретін кәсіпорындар - «Kazakhmys Energy» ЖШС, «Қарағанды Энергия орталығы» ЖШС (ЖЭО-1, ЖЭО-2).

Автокөліктердің шығарындылары ауаның сапасына да әсер етеді. Көліктен шығатын түтіндер де ауаны ластайды. Қалада көлік саны артып келеді. Оның үстіне дизельдік отынмен жүретін көліктердің үлесі артқан.

Бұл мәселерлерді шешу үшін , біріншіден, операциялық ескерту жүйесі бар қалыпты, жоғары сапалы, сенімді және қолжетімді ауа сапасын бақылау жүйесі қажет. Екіншіден, өлшенетін индикаторларымен, орындау мерзімдерімен және іске асыру шараларын міндетті қаржыландырумен қаланың ауасын жақсарту бағдарламасын әзірлеу қажет. Иә, « Қарағанды облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешудің 2020-2024 жылдарға арналған Жол картасы » бар . Бірақ бұл жеткіліксіз! Үшіншіден, кәсіпорындардың шығарындыларына және табиғатты қорғау шараларының орындалуына мемлекеттік бақылауды күшейту керек. Төртіншіден, қаланың қоғамдық көлік жүйесін жетілдіріп, баламалы көлік түрлерін дамыту қажет. Біз тыныс алатын ауаның сапасы мемлекеттік органдардың саяси шешімдеріне ғана байланысты емес екенін де түсіну керек! Азаматтардың күнделікті өмірдегі әрекеттері де ауаны тазартуға көмектеседі!




Диаграмма 3. Қарағанды қаласында тұру қауіпті

Зерттеушілердің пікірінше, Қарағанды қаласының жер астында бос орындар бар. Олар қазылғаннан кейін оларды ешкім топырақпен толтырмайды. Сауалнамаға сүйенетін болсақ адамдардың 61,4 %-ы Қарағанды қаласында тұру 50 %-ға қауіпті деп санайды. Қарағанды жер асты осындай қуыстарға толы. Бұл адамның тау-кен жұмыстарының айқын салдары. Шұңқырлар бірден құлап кетпейді, бірақ уақыт өте келе олар баяу шұңқырлар түзеді. Шұңқырлар еріген сумен толтырылады. Мұндай шағын көлдерді облысымыздағы әрбір шахтадан көреміз. Егер қалада жер сілкінісі орын алатын болса қаланың басым бөлігі зардап шегері анық. Су тасқыны кезіндегі шөгуді, сондай-ақ тұрғын үйлердің құлауын, бөгеттердің бұзылуын және өзен тасқынының ауқымын болжауға болады. Бұл мүмкін болатын төтенше жағдайлардың алдын алу дегенді білдіреді. Бұл процестерді ғарыштан бақылауға болады және қажет, деп есептейді қарағандылық ғалымдар. Қазақстанның геодезистер одағы бұл жобаны қолға алуға дайын, бірақ, әрине, қаржыландыру қажет.

2024 жылғы 1 ақпанға облыс халқының саны 1135 мың адамды құрады, соның ішінде қалалықтар – 926,3 мың адам (81,6%), ауылдықтар – 208,7 мың адам (18,4%). Олардың 48,8% –ы ерлер, 52,2% –ы әйелдер қауымын құрады.

Көші-қон қызметі органдарының мәліметтерін өңдеу нәтижелері бойынша 2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында облысқа 10 695 адам келсе, облыстан 16 144 адам кеткен. 2021 жылмен салыстырғанда облысқа келгендер саны 23,9 пайызға, облыстан кеткендер саны 1 пайызға артты. Көші-қонның теріс сальдосы 21%-ға төмендеп, 5449 адамды құрады.




Диаграмма 4. Қарағанды қаласының 2013-2023 жылдар аралығындағы халық саны

Халықаралық көші-қон ағынында кеткендер саны келгендер санынан 2374 адамға артық. 2021 жылмен салыстырғанда көші-қон шығыны 1,7 есеге азайды. Иммигранттар

саны 3,2 есе өсті, эмигранттар 28,7%-ға азайды. Сыртқы көші-қон шеңберінде кеткендердің 73,4 пайызы Ресей Федерациясына, 18,6 пайызы Германияға, 8 пайызы басқа елдерге көшіп кеткен.



Сурет 1. Қарағанды қаласы тұрғынымен сұхбат.

Сұхбат барысында сұхбаттасушы Қарағанды қаласының бірнеше артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтті:

Артықшылықтары:

- Алматы қаласымен салыстырғанда тыныш қала.
- Қалада көптеген ірі кәсіпорындар өз қызметін жүзеге асырады: көмір өндіру, металл өңдеу, машина жасау және тамақ өнеркәсібі. Осы мамандықтар бойынша жұмыс табу қиын болмайды.
- Бірнеше университеттер, көптеген мектептер мен гимназиялар бар.
- Тұтастай алғанда, тауарлар мен қызметтердің құны қол жетімді, әсіресе ресейлік бағамен салыстырғанда.
- Ойын-сауыққа келетін болсақ, олар мәдени өзін-өзі дамыту үшін де, жалпы бос уақыт үшін де жеткілікті.

Кемшіліктері:

- Орталық Қазақстанға тән Климат - күрт континенталды.
- Балабақшалар жеткіліксіз.
- Ауасы лас.
- медициналық қызметтердің сапасы нашар.

Қорытындылай келе, зерттеу барысында Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері және өзекті мәселелері қарастырылды. Нақтырақ айтатын болсақ, Қарағанды қаласының басты кемшілігі ауаның ластануы. Біз зерттеу барысында ауаны ластаушы көздер мен оны шешу жолдарын қарастырдық. Ал артықшылықтарына келетін болсақ қалада оқу деңгейі жоғары. Осыған байланысты Қарағанды қаласындағы ЖОО түсуші студенттер саны жыл артып келеді. Зерттеу барысында, Қарағанды тұрғындарының басым көпшілігі басқа қалаға көшкісі келетіндігі анықталды. Сауалнамаға

қатысқан 40 адамның 84,6%-ы басқа қалаға көшуді жөн санайды. Себебі, ауаның шамадан тыс ластануында.




Диаграмма 5. Қарағанды қаласынан басқа қалаға қоныс аударғысы келетін тұрғындар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қарағанды қаласының атмосфералық ластануы. - <https://articlekz.com/article/12109>
2. Қарағанды халқының демографиясы. - <https://www.gov.kz/memleket/entities/dep-stat-karaganda/press/press-releases/details/522?lang=ru>
3. Ауаны ластануы. - <https://www.zakon.kz/obshestvo/6387085->
4. Қарағанды қаласы. - <https://visitkazakhstan.kz/kk/guide/information/8/4/>

Алшатова А.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

Балташ Қ.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

Турмаханова Б.К., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

Уалханова Ш.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

(Ғылыми жетекші – доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ НЕГІЗГІ БОЛМЫСЫ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті — Қарағанды қаласындағы мемлекеттік жоғары оқу орны. Университетте қазіргі уақытта 12812 студент білім алуда. Жыл сайын шамамен 3500 адам университет студенті атанады. Университет студенттері 13 елдің азаматтары болып табылады. Қазіргі таңда университет 13 факультеттен тұрады. Соның ішінде физика-техникалық факультетін алатын болсақ.

Ендігі уақытта факультет бакалавриат, магистратура және PhD докторантураның 11 бағдарламасы бойынша дайындықты жүзеге асырады. Факультет құрамына 4 кафедра

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....	6
Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....	79
Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104